

2 дәріс. Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі психологиялық сипаттағы түсінік-түйіндер

VI ғасырда Жетісу, Алтай, Орта Азияны мекен еткен ру-тайпалар бірігіп, Түрік қағанаты дейтін үлкен мемлекет құрды. Қағанаттың орталығы Орхон өзенінің (қазіргі Монғолия) жағасында болды. Осы қағанаттың саяси-қоғмадық, әдеби өмірін баяндайтын жазба ескерткіштер бізге жетіп отыр. Солардың бірі – «Құлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» дастандары.

Құлыптаста жазылған осы ескерткіштер Орхон-Енисей жазбалары деп те аталады. Бұлардың авторы Иоллығ-Тегін дейтін шежіреші екендігі белгілі болып отыр.

Құлтегін – ежелгі түркілердің тамаша ерлік сипаттарын бойына жан-жақты дарытқан жаужүрек батыр, қайсар жауынгері. Ал Тоныкөк болса талай қанды жорықтардың куәгері, үлкен өнер иесі, ойшыл, философ, халық дипломатиясының білгірі. Тас жазуларда ерлік пен ездiк, соғыс пен бейбiтшiлiк, құлдық пен тәуелсiздiк, тәлiм-тәрбие, тұрмыс-салт мәселелері әсем айшық өрнектермен, жағды бейнелерге толы сезім толғаныс-тербеністерімен баяндалады.

Мәселен, «Бізге жеңіс әперген жер-суымыз – Отанымыз деп білу керек... Қандай қағанат болмасын, оның халқының арасында пәтуасыз (жалқау, оңбаған) табылса, онда сол халықтың қанша соры бар десеңші. – Құлақ қойып тыңдаңыздар, тереңнен ойлап толғаныңыздар... Су ағысы тартылса, жас жапырақ қурайды, адамдардан күш кетсе – жат кісіге бағынады... «Менің ағам мені

адам етті... Аштықта тоқтықты түсінбейсің... «Жақын отырған сыйдың құрметтісін алады, алыс отыған сыйдың «немкеттісін» алады», деп келетін сөз тіркестерінің психологиялық мәні зор. Құлпы тастарда осы іспетес жас жеткіншектреді елін, халқын сүйге, жақсы, ұнамды әдет-ғұрыптарға баулу, үлкенді сыйлау, зеректік пен ойшылдыққа, батылдық пен тапқарлыққа үйретін, тәрбиелеу жайындағы мәселелер сөз болады. Бұлардың қазіргі жастарымыз үшін тәлімдік мәнін жоймайтыны хақ.

Тасқа жазылған дастандардың тәлім-тәбиелік идеясымен астарлас рухани мұраның бірі – Қорқыт ата тағлымдары. VIII-IX ғғ. төңірегінде Сырдарияның орта және төменгі бойын жайлаған Оғыз-Қыпшақ тайпаларының мемлекеті болды. Оғыздар арасынан шыққан әйгілі күйші, музыкант, жыр алыбы, аңыз кейіпкері, ұзақ өмір сүріп, жазмышқа қарсы күресіп, адамның мәңгі жасауын арман еткен кемеңгер ғұлама Қорқыт еді. Өлім қатері, одан құтылу туралы өзінің асыл ойлары мен тербеністерін қобыздың зарлы әуеніне қосқан Қорқыт туралы аңыз-жырлар, бізге жеткен «Қорқыт ата кітабы» - Орта Азия, Қазақстан мен Әзірбайжан халықтарының аса көрнекті жазба ескерткіші. Қорқыттың музыкалық-этнографиялық мұрасы бұрынғы Кеңес Одағын мекендейтін түркі тілдес халықтардың барлығының ортақ рухани игілігі. Қорқыт ата тағылымдарының тәлімдік мәні күшті түрлі афоризмдер, қанатты сөздер, ұстаздық ұлағаттар көптеп кездеседі.

Дана ойшылдың ата-ананы сыйлап, құметтеу, үйшілік жарасымда қарым-қатынас, ұл мен қыз тәрбиесі, аамның әр түрлі мінез-құлық сипаттары жайында айтқан тағылымдары да бүгінгі

ұрпаққа өнеге боларлықтай: «Өзіңнен тумаса ұл өгей: қаншама бағып, қаққанмен ол саған ұл болмайды... Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар... Ұлың өсіп жетылсе, от басының мерейі, бас-көзі».

Қорқыт ата жеткіншек, жас өспіріпдердің жанымен қоса тәнінің шынығуына, елі мен жеріне жан-тәнімен сүйіп, оны қасықтай қаны қалғанша жаудан қорғайтын жаужүрек батыр болғанын аңсайды. Осыған орай ол былай дейді: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі... Қолыңа ұстаған болат қылышың мұқалмасын. Жауға атқан садағың өткір болсын». Кемеңгер дала ойшылы жас жеткіншектің көпшіл, қонақжай, ата жолын қуған ақпейіл болғанын қалайды. («Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық... Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жасты үшке көбейтіп, өмір сүрсе де аз»).

От басы, ошақ қасының, үй іші тыныс-тіршілігінің берекесі, ұрпақ тәрбиесінің әйел жұртының кескін-келбетімен қатар, әдепті, көргенді, адамгершілік, иман-жүзділік қасиеттерімен де тікелей байланысып жатады. Осыған орай Қорқыт ата әйелдердің үш түріне берген сипаттамасы психологиялық жағынан ерекше көңіл

аударды. Мәселен, әйелдердің бір тобы отбасының тірегі, үйдің құты, қонақжай, үрім-бұтақтары өсіп-өнген жандар болса; екіншісі – ынсапсыз, қанағатсыз; үшіншісі – салдыр-салақ, өсекшіл келеді дейді.